

Қазақстан Республикасы экология және
табиғи ресурстар министрлігі

«Қазгидромет» РМК



2026 ж. «22» мамырға арналған

**Қазақстан Республикасының таулы аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел
қауіптілігінің күнделікті бюллетені №13**

(бюллетеньнің қолданылу мерзімі: 2026 жылғы 21 мамыр сағат 20:00-ден 22 мамыр сағат 20:00-ге дейін)

құрастырылған күні: 21.05.2026 ж.

Мекен жайы: Алматы қ., Абай д., 32
Астана қ., Мәңгілік ел д., 11/1

Сел үдерістерін зерттеу және
селді болжау басқармасының
басшысы:

Яфязова Р.

тел.: 8(727) 267-53-38

e-mail: seli@meteo.kz

Кезекші синоптик:

Алданбергенова А.

тел.: 8(7172) 79-83-75

e-mail: ukpp@meteo.kz

2026 жылғы «22» мамырға

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жаңбыр генезисті сел қауіптілігі туралы Кеңес беру

Облыстар	Сел қауіпті аудандар	Гидрометеорологиялық жағдай
Алматы	Іле Алатауы	<p>Қар жамылғысы 2900 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр. Нөлдік изотерма таңғы сағат 5-те 3926 м биіктікте болды. Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,6-1,9 °С өсті, биік таулы аймағында – 0,9 °С. Төмен және орта таулы аймақтарында топырақ ылғалдануы жоғары. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Іле Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды және ұзақ жауын-шашын жауған кезде сел түзілуі мүмкін. Кіші Алматы және Үлкен Алматы өзендері алаптары үшін, сел қалыптастырушы факторлардың критериялды мәндеріне жеткен кезде, дауылды ескерту берілетін болады. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</p>
	Күнгеі Алатауы	<p>Қар жамылғысы 3700 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,0 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Кей уақытта жаңбыр, кешке қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Күнгеі Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</p>
	Теріскей Алатау	<p>Қар жамылғысы 4300 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,4 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.</p>
Жетісу	Жетісу Алатауы	<p>Жетісу Алатауының батыс бөлігінде қар жамылғысы 2800 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда, солтүстік бөлігінде – 3400 метрден жоғары, солтүстік-шығыс бөлігінде – 3300 метрге жуық және одан жоғары, ал оңтүстік бөлігінде – 3400 метрге жуық және одан жоғары биіктіктерде сақталуда (17 мамыр жағдайында). Жетісу Алатауының солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 1,5 °С өсті; батыс бөлігінде 4,5 °С төмендеді. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Жетісу Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.</p>





Жамбыл	Қырғыз Алатауы	Қар жамылғысы 3100 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,8 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (5-25 мм), бұршақ, дауыл. Қырғыз және Талас Алатауының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Талас Алатауы	
Түркістан	Талас Алатауы	Қар жамылғысы 3200 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 0,8 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жаңбыр, кей уақыттарды қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақыттарда бұршақ, найзағай, дауыл. Талас Алатауының және Өгем жотасының орта таулы және төмен таулы аймақтарында қарқынды ұзақ жауын-шашын түскенде сел түзілуі мүмкін. Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтаңыз.
	Өгем жотасы	
Маңғыстау	Маңғыстау таулары	Орташа тәуліктік ауа температурасы 4,2 °С өсті. Кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Абай	Тарбағатай	Қар жамылғысы 2800 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 1,0 °С өсті. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
Шығыс Қазақстан	Сауыр	Қар жамылғысы 2900 м биіктік шамасында және одан жоғары жатыр (17 мамыр жағдайында). Орташа тәуліктік ауа температурасы 3,3 °С өсті. Жауын-шашынсыз. Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.
	Қазақстандық Алтай	Қар жамылғысы солтүстік жоталарда 1600 м биіктік шамасында және одан жоғары (17 мамыр жағдайында). Қазақстандық Алтайдың солтүстік-батыс бөлігінде орташа тәуліктік ауа температурасы 5,1 °С төмендеді; оңтүстік-шығыс бөлігінде – 3,7 °С. Өзендердегі су деңгейінің едәуір өзгерістері байқалмайды. Кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-5 мм). Жаңбыр генезисті сел қауіптілігі жоқ.

Бюллетеньді құрастыру кезінде «Қазгидромет» РМК бөлімшелерінің деректері мен ақпараттары, Жер туралы ғылымдар орталығы (GFZ) Потсдам, Германия ұсынған MODSNOW құралы пайдаланылады

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі (1 Қосымша)

!!! Ескерту: Сел қауіпті ауданда тәртіп ережесін сақтаңыз (2 Қосымша)

Жаңбыр генезисті сел қауіптілігінің деңгейі

Сел қауіптілігінің деңгейлері	Сел қауіптілігінің деңгейін анықтайтын факторлар	Қауіптілік дәрежесі	Қорғау шаралары
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 30 мм (өте қатты жаңбыр) немесе нақты жауған сұйық жауын-шашын мөлшері ≥ 40 мм</p>	<p>Халық пен шаруашылық нысандары үшін үлкен қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының жоғары мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Халық пен шаруашылық объектілері үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдары мен халықты хабардар ету.</p>
	<p>Маусымдық қар сызығы жайғасуының, ауа температурасының, топырақ ылғалдылығының салыстырмалы түрде төмен мәндері; болжамды сұйық жауын-шашын мөлшері 15-29 мм (қатты жаңбыр)</p>	<p>Төмен таулы аймақта селдің пайда болу аймағында адамдар үшін потенциалды қауіп</p>	<p>Мемлекеттік басқару органдарына және халыққа хабарлау.</p>
	<p>Төмен ауа температурасы, топырақтың ылғалдылығы, сұйық жауын-шашынның болмауы.</p>	<p>Қауіптілік жоқ</p>	<p>Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау, «Абайлаңыз, сел қауіптілігі бар телім» ескерту қалқандарын назарға алу</p>

Сел қауіптілігінің белгілері және Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

Тауларға бару және онда болу жоспарланғанда, ауа райының өзгерістерін және дауылды ескертулерді бақылау қажет. Сел қауіпі туындаған жағдайда, сел қауіпі бар аймақта тәртіп ережелерін сақтау керек. Сел ағынының тереңдігі 40-50 м жетуі мүмкін (әсіресе арнаның бұрылыстарында), ағынның қозғалу жылдамдығы-5-10 м/с және одан жоғары (жекелеген жағдайларда 15-20 м/с дейін) болады. Егер адам сел ағынына түссе, өлімге алып келуі сөзсіз, сондықтан қауіпсіздік шараларын сақтау ерекше мәнге ие болады.

Қатты жауын-шашынның түсуінен туындаған сел қауіптілігінің белгілері

- ✓ Өзендегі судың шығыны мен лайлылығының күрт артуы.
- ✓ Өзен арнасының жоғарғы бөлігінде балшық шаңы бұлтының және гүрілдің пайда болуы.
- ✓ Селге жақын жерде топырақ беткейін шайқау.

Сел қауіптілігі бар аймақта тәртіп ережелері

- ✓ Өзен арнасына (жайылмасына), құрғақ арнаға және көл бөгетіне жақын жерде демалуға және шатырлы лагерь құруға болмайды.
- ✓ Бақылаушыны алға қойыңыз, сонда ол алда не болып жатқанын көреді және төнген қауіп туралы ескертеді, сонымен қатар өзеннен су алуға барғанда.
- ✓ Сұйық жауын-шашынның қарқынды түсуі және сел қауіптілігінің басқа да белгілері кезінде өзен арнасынан (жайылмасынан), құрғақ арнадан алыстау және аңғардың баурайы бойынша 40-50 м жоғары көтерілу.
- ✓ Сел өткен кезде одан өзен арнасының бойымен қашуға болмайды, аңғардың баурайы бойымен 40-50 м жоғары көтерілу керек (сел тасқынынан тастар ұшуы мүмкін).
- ✓ Тік жартастар мен тік беткейлердің астында тоқтамаңыз (топырақ беткейінің шайқалуынан, сел жақын жерде, құламалар мен тастың түсуі болуы мүмкін).
- ✓ Сел өткеннен кейін өзен арнасына түспеу, өйткені арнада сел қайта қалыптасу мүмкін.
- ✓ Сел жүріп өткеннен соң беткейлердің сырғуынан, үзілген немесе салбырап тұрған электр сымдарынан, бүлінген газ магистралынан абай болған жөн.

2026 жылғы «22» мамырға
ҚР таулы аудандары бойынша ауа-райы болжамы

Іле Алатау	Жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр (1-29 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 3-8, күндіз 6-11 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 2-7, күндіз 4-9 градус жылы.
Күнгей Алатау	Кей уақытта жаңбыр, кешке қатты жаңбыр (1-25 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан соғатын жел солтүстік-батысқа ауысады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 12-17 градус жылы.
Теріскей Алатау	Жаңбыр (1-14 мм), найзағай, күндіз кей жерлерде бұршақ, дауыл. Батыстан, солтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей уақытта екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 6-11, күндіз 12-17 градус жылы.
Жетісу Алатау	Жаңбыр, найзағай, күндіз кей уақыттарда қатты жаңбыр (1-20 мм), бұршақ. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14, екпіні 15-20 м/с. 2000 м: Ауа температурасы түнде 5-10, күндіз 11-16 градус жылы. 3000 м: Ауа температурасы түнде 0-5, күндіз 6-11 градус жылы.
Қырғыз Алатау	Жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (5-25 мм), бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 14-19 градус жылы.
Талас Алатау (Жамбыл облысы)	Жаңбыр, найзағай, кей уақыттарда қатты жаңбыр (5-25 мм), бұршақ, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 8-13, күндіз 14-19 градус жылы.
Талас Алатау (Түркістан облысы)	Жаңбыр, кей уақыттарды қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақыттарда бұршақ, найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 7-12, күндіз 16-21 градус жылы.
Өгем жотасы	Жаңбыр, кей уақыттарды қатты жаңбыр (1-20 мм). Кей уақыттарда бұршақ, найзағай, дауыл. Оңтүстік-батыстан жел соғады, күші 8-13, екпіні 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 12-17, күндіз 19-24 градус жылы.
Маңғыстау таулары	Кей жерлерде жаңбыр (1-3 мм), найзағай. Солтүстік-шығыстан жел соғады, күші 9-14 м/с. Ауа температурасы түнде 15-20, күндіз 25-30 градус жылы.
Сауыр	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, күндіз кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 3-8 градус жылы, кей жерлерде 1 градус үсік, күндіз 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы.
Тарбағатай	Жауын-шашынсыз. Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20 м/с. Ауа температурасы түнде 1-6, кей жерлерде 10 градус жылы, күндіз 10-15, кей жерлерде 20-25 градус жылы.
Қазақстандық Алтай	Кей жерлерде жауын-шашын (жаңбыр, қар) (1-5 мм). Солтүстік-батыстан, солтүстіктен жел соғады, күші 9-14, кей жерлерде 15-20, екпіні 23 м/с. Ауа температурасы түнде 2-7 градус жылы, кей жерлерде 2 градус үсік, күндіз 10-15, кей жерлерде 7 градус жылы.